



18/1-17 24.04.2025



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2025 ж.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ҚОСЫМША КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ
ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ
ҚЕ 22-2025

Күні	Көшірме	Басылым
		Бірінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		ҚЕ 22 -2025
Орталық туралы ереже		1-ші басылым
		14 беттің 2 беті

1.«ОҚМА» АҚ «Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы» ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Тексеру кезеңділігі – 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы Орталық туралы ереже		ҚЕ 22 -2025 1-ші басылым 14 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	5
3. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР	5
4. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ	6
5. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	6
6. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	7
7. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ	10
8. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	12
9. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	12
10. БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС	13

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы	ҚЕ 22 -2025	
Орталық туралы ереже	1-ші басылым 14 беттің 4 беті	

1.НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып, әзірленген:

- ҚР-ның 2020ж 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі»;

- «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығы;

- «Денсаулық саласындағы мамандарды аттестациялауға жататын мамандықтар мен мамандықтардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығы;

- ҚР Заңы. Сыбайластық жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 ж., 18 қарашадағы бек., № 410-V өзгерістермен және толықтырулармен;

- ҚР Еңбек кодексі 2015 ж., 23 қарашада бек., №414-V ҚРЗ;

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007 ж. № 319 (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		ҚЕ 22 -2025
Орталық туралы ереже		1-ші басылым 14 беттің 5 беті

- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, 27.12.2019 ж. № 293-VI (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен),

- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрінің 2024 жылғы 05 қаңтардағы №4 бұйрығы (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығы.

- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер;
- ҚР СТ ISO9001-2015. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару;
- СТ 012-2025. Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024. "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

2. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құжатта тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

Құжатталған ақпарат-ұйым басқаратын және қолдайтын ақпарат және оны қамтитын тасымалдағыш.

3. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Осы құжатта келесідей қысқартулар мен белгілер қолданылды:

- ҚР ҚБМС -Қазақстан Республикасының қосымша білім берудің мемлекеттік стандарты;

- ҚР ДСМ - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі;

- ҚР - Қазақстан Республикасы;

- «ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;

- ПОҚ - профессор - оқытушылар құрамы;

- ТДО - Тәжірибелік дағдылар орталығы;

- ҚжҚКББО – Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы;

- ҚжФЕББ – қосымша және формальды емес білім беру;

- СК - сертификаттау курсы;

- БА - біліктілікті арттыру;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		ҚЕ 22 -2025
Орталық туралы ереже		1-ші басылым 14 беттің 6 беті

- СМЖ - сапа менеджмент жүйесі;
- БББ – білім беру бағдарламасы.

4. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1. Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы (бұдан әрі - ҚжҚКББО) «Оңтүстік-Қазақстан медицина академиясы» АҚ (бұдан әрі- «ОҚМА» АҚ) құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

4.2. ҚжҚКББО Ғылыми кеңес шешімімен және «ОҚМА» АҚ ректордың бұйрығымен құрылып, қайта ұйымдастырылады, ұйымдастырушылық-атқарушылық, әкімшілік және өзге де функцияларды орындайды.

4.3. ҚжҚКББО бұйрық негізінде ректорға, ал бағыныстылығы бойынша тікелей клиникалық жұмыс жөніндегі проректорға бағынады.

4.4. Бұйрықтарға, анықтамаларға ректор қол қояды, ректор болмаған кезеңде қол қою құқығы ректордың м.а. жүктеледі.

4.5. ҚжҚКББО басшысы ректордың бұйрығымен тағайындалады.

4.6. ҚжҚКББО басшысы болмаған кезеңде (іс-сапар, ауырып қалғанда және т.б.) орталық басшысының ұсынысы бойынша «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен орталық басшысының орынбасарына жүктеледі.

4.7. Жұмыстың барлық түрлерін орындаудың мазмұны, ұйымдастырылуы және әдістемесі «ОҚМА» АҚ-да қабылданған істер номенклатурасына сәйкес ҚжҚКББО жүргізетін және сақтайтын құжаттамада көрсетіледі.

4.8. ҚжҚКББО өз қызметін сапа менеджмент жүйесі бойынша халықаралық стандарттарға, «ОҚМА» АҚ сапа менеджмент құжаттарына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің нормативті ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарына, «ОҚМА» АҚ жарғысына, ішкі нормативті құжаттарға, ректор және проректор бұйрығы мен өкімдеріне, сонымен қатар осы ҚжҚКББО туралы Ережеге (ары қарай - Ереже) сәйкес жүзеге асырады.

4.9. ҚжҚКББО өз жұмысын оқу орнының стратегиялық даму жоспары және жылдық жоспары негізінде жүзеге асырады.

5. ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚжҚКББО жұмысын орталық басшысы басқарады, бұл лауазымды осы лауазымға ҚР заңнамасына сәйкес қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін тұлға атқара алады.

Басшылық ректордың бұйрығымен тағайындалады және ректордың бұйрығымен қызметінен босатылады. ҚжҚКББО құрамы мен штаттық санын орталық басшысының ұсынысы бойынша ректор бекітеді. ҚжҚКББО қызметкерлері тікелей басшыға және басшының орынбасарына бағынады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		ҚЕ 22 -2025
Орталық туралы ереже		1-ші басылым 14 беттің 7 беті

Басшы орталық қызметкерлерін тағайындауға, көтермелеуге, жазалауға материалдар дайындайды.

ҚЖҚКББО штатының құрамы:

1. Басшы – 1 шт.б.
2. Басшы орынбасары – 1 шт.б.

ҚЖҚКББ орталығы 3 бөлімнен құралады:

1.Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру бөлімі:

- Бөлім меңгерушісі 1 шт. б.
- Әдіскер 1 шт.б.

2.ПОҚ-ның кәсіби біліктілігін арттыру бөлімі:

- Бөлім меңгерушісі 1 шт. б.
- Әдіскер 1 шт.б.

3.Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі:

- Бөлім меңгерушісі 1 шт. б.
- Әдіскер 2 шт.б.
- Бейнетүсірілім және бейнемонтаж бойынша маман -1 шт. б.

6. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1.Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру бөлімі:

6.1.1. Бөлімнің негізгі мақсаты – Шымкент қаласындағы, Түркістан облысы және басқа аймақтардағы медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын, дәріханалар мен химия және фармацевтикалық кәсіпорындарды кадрлармен қамтамасыз ету үшін оқытудың инновациялық әдістерін, оның ішінде қашықтықтан оқытуды қолдана отырып, біліктілікті арттыру циклдері мен сертификаттау курстарын, семинарлар, тренингтер, мастер класстар ұйымдастыру. Кәсіби даму бағдарламалары, кәсіби құзыреттіліктерді тереңдетуге және жетілдіруге, біліктілік талаптарына сәйкес салалық біліктілік шеңбері және денсаулық сақтау саласындағы кәсіби стандарттарын қолдауға бағытталған.

6.1.2. Бөлімнің міндеттеріне төмендегілер жатады:

- бөлімнің құзыреті шеңберінде «ОҚМА» АҚ сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарын іске асыру;
- сапа менеджмент жүйесінің (СМЖ) талаптарын орындау;
- стратегияны анықтау және оның жұмысын бағдарламалық жоспарлау туралы шешімдер қабылдау;
- оқу процесін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- медициналық және фармацевтикалық бейіндегі жоғары және орта

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SKMA —1979—	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы			ҚЕ 22 -2025	
Орталық туралы ереже			1-ші басылым 14 беттін 8 беті	

біліктілікті мамандарға қосымша үздіксіз кәсіби дамыту қызметін іске асыруға қатысатын кафедралардың қызметін үйлестіру;

- республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша және ақылы негізінде қосымша кәсіби білім беру шеңберінде келісім-шарттар жасау;
- күнтізбелік-тақырыптық жоспарды өңдеу және бекіту;
- барлық медициналық ұйымдар мен мекемелерді күнтізбелік-тақырыптық жоспардың бекітілгендігімен ақпараттандыру.

6.2. ПОҚ-ның кәсіби біліктілігін арттыру бөлімі.

6.2.1. Бөлімнің негізгі мақсаты «ОҚМА» АҚ-ның ПОҚ үшін біліктілікті арттыру циклдерін және сертификаттау курстарын, семинарларды, тренингтерді, мастер-класстарды ұйымдастыру.

6.2.2. Бөлімнің міндеттеріне төмендегілер жатады:

- бөлімнің құзыреті шеңберінде «ОҚМА» АҚ-ның сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарын іске асыру;
- сапа менеджмент жүйесінің (СМЖ) стандарттарына қойылатын талаптарды орындау;
- стратегияны анықтау және оның қызметін бағдарламалық жоспарлау туралы шешім қабылдау;
- ПОҚ үшін біліктілік арттыру циклдерін ұйымдастыру және жоспарлау;
- біліктілік арттыру шеңберінде басқа ұйымдармен шарттар жасау;
- ПОҚ біліктілігін арттыру жоспарын әзірлеу және бекіту;
- «ОҚМА» АҚ барлық кафедралары мен бөлімшелерінің ПОҚ біліктілігін арттырудың бекітілген жоспары туралы хабардар ету;
- нәтижелерді талдай отырып және алған білімдерін практикалық қызметке енгізе отырып, сыртқы ұйымдарда да, ішкі іс-шаралар шеңберінде ПОҚ оқытудың тиімділігін бағалау және мониторинг жасау.

6.3. Білім беруді цифрлық қолдау және педагогикалық құзыреттілігін арттыру бөлімі:

6.3.1. Бөлімнің мақсаты цифрлық технологиялардың білім беру үдерісіне интеграциялануын қамтамасыз ету және оқытушылар құрамының педагогикалық құзыреттілігін арттыру болып табылады. Бұған оқыту сапасын жақсарту үшін заманауи ақпараттық технологияларды пайдалануды қолдау, сондай-ақ оқу қызметінде цифрлық шешімдерді тиімді қолдану үшін оқытушылардың кәсіби педагогикалық дағдыларын дамыту кіреді.

6.3.2. Бөлімнің міндеттеріне төмендегілер жатады:

- бөлімнің құзыреті шеңберінде «ОҚМА» АҚ сапа саласындағы саясаты мен мақсаттарын іске асыру;
- СМЖ стандарттарының талаптарын орындау;
- барлық БББ бойынша бейнеконтенттің (дәрістер, практикалық сабақтар және т.б.) жаңартылуын қамтамасыз ету «ОҚМА» АҚ media.skma.edu.kz медиатека сайтында;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		ҚЕ 22 -2025
Орталық туралы ереже		1-ші басылым 14 беттің 9 беті

- кафедралармен бірлесіп онлайн-курстарды құру және әзірлеу бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- бейіндік және педагогикалық құзыреттілікті арттыру бойынша ашық онлайн-курстарға ұсынымдар;
- кафедралармен бірлесіп ПОҚ әлеуетін арттыруды ұйымдастыру;
- ПОҚ ақпараттық-цифрлық сауаттылығын арттыру;
- кафедралармен бірлесіп электрондық оқулықтар, оқыту бағдарламалары, ақпараттық-анықтамалық жүйелер құру;
- оқытушылардың әдістемелік және педагогикалық дағдыларын жетілдіруге, сондай-ақ жаңа білім беру технологияларын игеруге бағытталған педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру үшін курстар мен тренингтер ұйымдастыру;
- білім беру жүйесінің өзекті талаптарына және оқытушылардың кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес келетін педагогикалық құзыреттілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- педагогикалық дағдыларды дамытуға және оқытудың заманауи әдістемелерін енгізуге бағытталған мамандандырылған мастер-класстар, семинарлар мен тренингтер өткізу үшін жетекші сарапшылар мен жаттықтырушыларды тарту;
- педагогикалық құзыреттілік бойынша ПОҚ біліктілігін арттыру жоспарын әзірлеу және бекіту;
- «ОҚМА» АҚ барлық кафедралары мен бөлімшелерінің бекітілген ПОҚ жоспары туралы хабардар ету.

6.4. ҚЖҚКББО қызметкерлері төмендегілерге міндетті:

- ҚЖҚКББО даму стратегиясын іске асыру, денсаулық сақтау басқармасының органдарымен сыртқы байланыстарды нығайту және дамытуға;
- оқу үрдісіне қазіргі заманғы білім беру технологияларын енгізуге;
- қашықтықтан білім беру, мастер-класстар, үйретуші семинарларды енгізуге, ықпал жасауға;
- оқу жоспарларына сәйкес сағаттарды есептеумен және оқу сабақтарының кестесін жасауға қатысуға;
- оқу үрдісіне бақылау жасауға;
- бекітілген сабақ кестесі бойынша емтихан және сынақтарды ПОҚ-ның орындауын бақылау жасауға;
- сынақ және емтихандардың өткізілуін және ұйымдастырылуын қадағалауға;
- орталықтың оқу және есеп беру құжаттамасын жетілдіруге және безендендіруге қатысуға;
- ПОҚ біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және үйлестіру;
- біліктілікті арттыру және оқыту мүмкіндіктері туралы ақпарат беру;
- ПОҚ ақпараттық-цифрлық сауаттылығын арттыру;
- ҚЖҚКББО құзыретіне кіретін қызмет мәселелерін жедел шешу үшін білім беруді басқару органдарымен, денсаулық сақтау мекемелерімен байланыс

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		ҚЕ 22 -2025
Орталық туралы ереже		1-ші басылым 14 беттің 10 беті

қамтамасыз етуге қатысуға;

- есеп-қисап бөлімі, кадрлық қызмет бөлімі, «ОҚМА» АҚ өзге де бөлімшелерінің сұрауы бойынша қажетті құжаттарды дайындауға;
- орталықта оқитын тыңдаушылардың дербес деректерін өңдеуге және дербес деректерді пайдалану кезінде құпиялылықты сақтауға;
- орталықта атқарылған жұмыстар туралы толық талданған жылдық есебін дайындауға.

6.5. ҚжҚКББО келесі ішкі нормативтік құжаттарды әзірлейді:

- құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы туралы ережесін;
- әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру туралы ережесін;
- әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыруы бойынша сапа менеджменті жүйесінің стандартын;
- денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру және іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын;
- сапа менеджменті жүйесінің стандарты әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамның және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- оқу процесінде қолданылатын бейне курстарды әзірлеу және бекіту жөніндегі ережесін;
- оқу процесінде қолданылатын онлайн-курстарды әзірлеу және бекіту жөніндегі ережесін;
- қашықтан білім беру технологияларын қолданып, білім беру процесін ұйымдастыру ережесін.

7. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

7.1. ҚжҚКББО негізгі қызметтері төмендегідей:

- ҚжФЕББ іске асыру бойынша өзінің құрамына кіретін кафедралардың жұмысына басшылық жасау;
- ҚжҚКББО жұмысын «ОҚМА» АҚ басқа бөлімшелерінің жұмыс жоспарымен үйлестіру;
- «ОҚМА» АҚ ПОҚ-на біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу;
- орталық жұмысы бойынша іс қағаздары мен құжаттамаларды қамтамасыз ету;
- кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру (жаңа бағдарламалар жасау, бағдарламаларға толықтырулар мен өзгертулер енгізу);
- «ОҚМА» АҚ –ның клиникалық кеңес деңгейінде БББ бекіту;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		ҚЕ 22 -2025
Орталық туралы ереже		1-ші басылым 14 беттің 11 беті

- басқа бөлімдермен оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру-әдістемелік іс-шараларды жоспарлау;
- тыңдаушыларға оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек;
- біліктілікті арттыру циклдерінде оқыту сапасын арттыру мақсатында тыңдаушылар арасында сауалнама жүргізу;
- ҚжҚКББО бойынша құжаттарды, бұйрық жобаларын және өкімдерді дайындау;
- тыңдаушылардың өтініші бойынша және тиісті құжаттар болған жағдайда БА және СК, мастер-класстарға, семинарларға қабылдау туралы бұйрық жобасын дайындау;
- ҚжҚКББО бойынша статистикалық есепті жүргізу және тапсыру;
- оқу және оқу-зерттеу процестерінің материалды-техникалық базасын жасау және тиімді дамыту мақсатында емдеу ұйымдары, ғылыми ұйымдары, министрлікпен және ведомстволармен байланысты орнату және нығайту;
- тыңдаушылар саны мен оқу бағытына қарай білім алушылардың топтарын құру;
- ҚжҚКББО қарасты кафедраларда оқу процесін жүйелі бақылау;
- тыңдаушылар контингентін есепке алу;
- БА және СК, семинар және мастер-класс оқыған тыңдаушыларға куәліктерін беру туралы бұйрықтар дайындау;
- тыңдаушылардың сабаққа қатыспауы, оқу төлем ақысын ағымдағы оқу цикл соңына дейін уақытылы төлемеуіне байланысты оқудан шығару туралы бұйрықтың жобасын дайындау;
- электрондық үкімет веб-порталы арқылы денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткендігі туралы өтініштерді қабылдау және құжаттарды электрондық форматта www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі-веб-портал) (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде беруге.
- ҚжҚКББО қарамағындағы оқу, өндірістік, қызметтік бөлмелерді және де құнды материалдар мен өзге мүліктерді бақылау;
- ҚжҚКББО қызметкерлерімен қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша іс-шараларды өткізу;
- СТ 023-2024 стандарттар талаптарын орындау мақсатында сапа мәдениетін қалыптастыру;
- орталықтың тәуекелдерін анықтау, бағалау;
- кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету;
- орталықтың web парақшасын толықтыру және жетілдіру мониторинг жүргізу;
- «Salemoffice.kz» электрондық құжат айналым бағдарламасымен жұмыс жасау.

8. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		ҚЕ 22 -2025
Орталық туралы ереже		1-ші басылым 14 беттің 12 беті

ҚжҚКББО қызметкерлері төмендегілерге құқылы:

- «ОҚМА» АҚ сондай-ақ кафедралар мен оқу құрылымдарының мәселелерін талқылауға және шешуге қатысуға;
- Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті ақпараттар мен құжаттарды құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан және басқа мамандардан сұратуға;
- «ОҚМА» АҚ әкімшілігінен өз қызметіне керектігі еңбек қауіпсіздігін сақтау ережесіне сәйкес ұйымдастырушылық және материалды-техникалық қамтамасыздықты (жұмыс орны және еңбек жағдай) талап етуге сондай-ақ өзінің қызметтік жауапкершілігі мен құқықтарының орындалуына ықпал жасауға;
- әлеуметтік сақтандыру, демалыс, соның ішінде төленетін жыл сайынғы еңбек демалысына;
- заңнамада белгіленген тәртіппен «ОҚМА» АҚ әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға.

9. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. ҚжҚКББО қызметкерлері төмендегілерге жауапты:

- орталыққа жүктелген міндеттерді және қызметтерді орындауға;
- орталықтың оқу жұмысының нәтижесін көрсететін құжаттарды дұрыс жүргізуін қамтамасыз етуге (оқу дәрісі, электронды, емтихан журналы, емтихан және сынақ ведомості);
- ҚжҚКББО барлық құжаттамасын істер номенклатурасына және сапа менеджменті жүйесі стандарттарының талаптарына сәйкес жүргізуге;
- ҚР қолданыстағы заңнамасына және нормативтік құқықтық актілерге сәйкес еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуге;
- ҚжҚКББО беретін ақпараттың сенімділігін қамтамасыз етуге;
- алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- қауіпсіздік ережелерін және өрт қауіпсіздігін сақтауға.

9.2. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар жаңа жылдың 10 қаңтарына дейін факультет кеңесімен бекітіледі.

9.3. Орталық жұмыс жоспары мен кеңесінің жоспарын жаңа жылдың 5 қаңтарына дейін факультет кеңесі бекітеді.

9.4. Біліктілік пен педагогикалық құзыреттілікті арттыру жоспары «ОҚМА» АҚ әдістемелік кеңесінде бекітіледі.

9.5. Бекітілген Ереже ҚжҚКББО тиісті қызметкерлеріне мәліметтерді жеткізу үшін ҚжҚКББО басшысы жауапты болады.

9.6. Орталық қызметкерлерінің жауапкершілігі тиісті лауазымдық нұсқаулықтармен белгіленеді.

9.7. Түпнұсқаға және көшірмелерге өзгерістер енгізу ҚжҚКББО басшысына жүктеледі.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		ҚЕ 22 -2025
Орталық туралы ереже		1-ші басылым 14 беттің 13 беті

9.8. Ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттарының талаптарын жауапкершілікпен орындауға.

9.9. ҚжҚКББО басшысы жауапты:

- осы Ережеде көзделген ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік және өзге де қызмет түрлері бойынша функциялар мен міндеттерді уақтылы және сапалы орындауға.

10. БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ҚжҚКББО «ОҚМА» АҚ жарғысына, құжаттаманы басқару тәртібінің ережесіне, «ОҚМА» АҚ әкімшілігінің шығыс ұйымдастырушылық өкімдерімен нормативтік құжаттарына сәйкес «ОҚМА» АҚ құрылымының барлық кафедралармен, бөлімдермен қызметтік қарым-қатынас орнатады.

Әзірлеген:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		ҚЕ 22 -2025
Орталық туралы ереже		1-ші басылым 14 беттің 14 беті

Лауазымы	Т.А.Ж.
Құзыреттілік және қосымша кәсіптік білім беру орталығының басшысы	Кенесова К.Ж.

Тексерген:

Лауазымы	Т.А.Ж.
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.

Келісілген:

Қызметі	Т.А.Ж.
Клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор	Нурмашев Б.К.